

Ертіс ауданы Северный ауылдық округінің Қараағаш ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс ауданы Северный ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 қазанда № 6093 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Северный ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Северный ауылдық округі әкімінің 19.04.2019 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7)-тармақшасына сәйкес, Северный ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Северный ауылдық округі Қараағаш ауылының Абай атындағы көшенің аумағында ірі қара малдарда трихофития ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Северный ауылдық
округінің әкімі*

Ф. Қожахан